



№32 (8236)

13 тамыз
БЕЙСЕНБІ,
2026 ЖЫЛ



Кен Жылой

Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті

Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады



ken-zhyloi.kz

Ken-Zhyloi@mail.ru

zhyloi_press

zhyloi_press

zhyloi_press

zhyloi_press

zhyloi_press

* Ресми

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР – облыс әкімінің назарында

Ауданда жүзеге асырылып жатқан жобалармен танысу мақсатында облыс әкімі Болат Ақшолоақов Жылыойға арнайы келді. Іссапар барысында маңызды нысандарды аралаған аймақ басшысы кезек күттірмейтін түйткілді мәселелерді талқылап, жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар берді.

Облыс әкімі алдымен «Атырау» шағын ауданындағы 1200 орындық мектептің құрылысымен танысты. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында бой көтерген нысан алдағы ақ жылында пайдалануға берілетін. Білім ордасы үш қабаттан тұрады. Мұнда 52 оқу кабинеті, екі спорт алаңы, екі асхана, 260 орындық ақ залы, STEM және робототехника кабинеттері, инклюзивті білім беру кабинеттері, сондай-ақ хореография залдары қарастырылған. Мектеп пен толық танысып шыққан өңір басшысы жаңа оқу жылына дейін кабинеттер мен инфрақұрылымның толық дайындығын қамтамасыз етуді міндеттеді.

Одан әрі өңір басшысы 145 төсек-орынға арналған аудандық орталық ауруханаға барды. Мұнда терапия, хирургия, балалар, жұқпалы аурулар және перзентхана бөлімшелері, сондай-ақ жансақтау бөлімі жұмыс істейді. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Қайсар Абдалиевтің айтуынша, аурухана заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Қазіргі кезде тұрғындар МРТ тексеруінен жергілікті жерде өте алады.

– Ауруханада күйік шалған науқастарға арналған төсек-орындар да бар. Биылғы алты айда 5400-ден астам адам стационарлық ем алды. Қазір мұнда 133 дәрігер мен 408 мейіргер жұмыс істейді. Сонымен қатар биыл ауданда Атырау қаласынан комбустиолог дәрігер тартылды. Осыған байланысты 12 төсек-орын және шұғыл көмек көрсетуге арналған екі арнайы төсек-орын ашу жоспарланған отыр, – дейді Қайсар Абдалиев.

Өңір басшысы келесі кезекте



Ү.Абдрахманов көшесіндегі автомобиль көпіріне жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарының жай-күйімен танысты. Биыл жөндеу жұмыстары басталған көпірдің жалпы ұзындығы – 150 метр. Қазіргі таңда облыс әкімімен, көпірдің екі жағы бетондалған. Болат Ақшолоақов мердігер «БУКА» ЖШС басшыларына жұмысты жеделдетуді, бірақ сапаға нұқсан келмеуін қадағалауды баса айтты.

Жұмыс сапары аясында қаралған маңызды мәселелердің бірі – қаланы су тасқынынан қорғау және су ресурстарын тиімді пайдалану. Өңір басшысы Жем өзенінде салынған гидроторапқа барды. Ұзындығы 125 метр, биіктігі 4 метр гидроторап 3000 текше метрге дейін су жинай алады. Қажет болған жағдайда су Жем өзеніне және суару жүйесіне жіберіледі.

– Нысанның басты міндеті – Қамысқолді сумен толтыру. Осы мақсатта Жем өзені мен Құрсай арнасының 95 шақырымында арнайы тереңдету жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар жағалау бойында ұзындығы 65 шақырым қорғаныс бөгеттері салынды, – деді аудан әкімі Жұмабек Қаражанов.

Сонымен қатар аудандағы мектеп инфрақұрылымына қатысты мәселелерге де әкім құлақ түрді. Бүгінде Тұрғызба ауылындағы 1976 жылы салынған, тозу деңгейі 66 пайызды құрайтын №4

М.Әуезов атындағы мектептің ескі ғимаратының орнына 600 орындық жаңа мектеп салу, қаладағы 1950 жылы салынған, қазіргі таңда апатты жағдайда тұрған №15 С. Қарабалин атындағы мектепке бастауыш сыныптарға арналған 300 орындық жаңа корпус салу қажеттілігі бар. Болат Ақшолоақов екі нысанға қатысты құжаттармен танысып, аудан әкіміне мәселені жап-жақты пысықтап, нақты ұсыныстар беруді тапсырды.

Аймақ басшысы 2007 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Аман-Есен» шаруа қожалығына да барды. Шаруашылық 12 адамды жұмыспен қамтып, жыл сайын 30 тоннаға дейін ет және 50 тонна сүт өнімдерін өндіреді. Сондай-ақ Шокпартоғай ауылында 2004 жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 2,5 пайыздық мөлшерлемесмен іске қосылған «Елырас» жеке кәсіпкерлігінің мал сою және ет консервілеу цехінің жұмысымен танысты.

Облыс әкімі аудан әкімі мен жауапты мамандарға, алдымен, шаруашылықтарды әлсірету және сумен жабдықтау мәселелерін жедел шешуді, суға зерттеу жүргізіп, топырақ сынамаларын алуды жүктеді. Сонымен қатар өндіріс орындарын дамытудың маңызды атап өткен өңір басшысы кәсіпорын өндіріс көлемін ұлғайтқан жағдайда облыс тарапынан тиісті қолдау көрсетілетінін айтты.

А.МЕЙРАМБАЙҚЫЗЫ

* Жасыл экономика

Әлеуметтік желіде қаладағы Махамбет даңғылында бой көтерген аллеяның қазіргі жағдайына қатысты бейне-жазба тараған болатын. Онда гүлзарларға отырғызылған қылаңжапырақты аршалардың уақытылы күтім көрмей, су тапшылығынан сарғайып, құрап қалғаны көрсетілген. Сонымен қатар абаттандырылған аумақта гүл өгілуі тиіс орындарды арамшөп басып кеткені байқалады. Демалыс орнының бүгінгі ахуалына алаңдаған тұрғындар нысанның күтімсіз қалғанына наразылық білдіріп, жауапты мекемелерден тиісті шара қабылдауды сұрады.

ЖАҢА АЛЛЕЯДАҒЫ АҒАШТАР ҚАЙТА ОТЫРҒЫЗЫЛАДЫ

Мәселенің мән-жайын білу үшін қалалық әкімдіктің мамандарымен байланысқан болатынбыз. Қала әкімі аппаратының бас маманы Еркебұлан Қаржаубаевтың мәліметінше, нысанды абаттандыру жұмыстарын жүргізген жауапты мекеме егілген көшеттерге тиісті күтім көрсетіп, уақытылы суармаған. Соның салдарынан отырғызылған ағаштардың басым бөлігі құрап, жарамсыз күйге жеткен.

– Бұл мәселе бойынша жауапты мекемеге тиісті тапсырмалар берілді. Қазіргі таңда отырғызылған ағаштардың барлығы алынып та-

қайта отырғызып, оларды суаруға қажетті бөшкелер орнатты. Қазіргі таңда аллеяның құрылысы талық аяқталған жоқ. Оған қажетті қаржының әлі бөлінбеуі себеп болып отыр. Сонымен қатар, аллеяны абаттандыру барысында ағаштарды суару үшін арнайы желі тартылған болатын. Алайда бұрысқа таселгеннен кейін техникалық қадағалау маманы жүргізілген жұмысты тексеріп, пайдаланылған илангіннің талапқа сәйкес келмейтінін анықтаған. Суару жүйесі үшін диаметрі 15 емес, 32 миллиметрлік құбыр қолданылған.



сталды. Бұған олардың уақытылы күтім көрмей, жарамсыз күйге түсуі себеп болды. Мердігер мекеме анықталған кемшіліктерді жойып, аумаққа жаңа ағаш көшеттерін қайта отырғызатын болады, – деді ол.

Демалыс орнының құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатқан мердігер мекеме – «Skiller» ЖШС. Участке басшысы Мейрамбай Мырзашұлының сөзінше:

– Алдағы уақытта ағаштарды

қажеттігі айтылды, – деді ол.

Мердігер мекеме өкілдері көтерілген мәселе алдағы уақытта шешімін табынын жеткізді. Олардың айтуынша, құраған ағаштардың орнына жаңа көшеттер қайта отырғызылып, қажетті жұмыстар атқарылады. Сондай-ақ қаржы бөлінгеннен кейін аллея құрылысы толық аяқталатынын атап өтті.

А.МАХАМБЕТОВА

* Меморандум

АНАРБЕКОВ ПЕН СӘТБАЕВТАР енді Жылыойдан шықпақ

Ауданда балалар мен жасөспірімдер футболын дамытуға бағытталған маңызды жоба жүзеге асып, жергілікті әкімдік ұсынысымен алғаш рет «Атырау» футбол клубы академиясының аудандық филиалы салтанатты түрде ашылды. Футболсүйер көрерменнің көкейінде тұрған бұл бастама бұқаралық спортты дамытуға серпін беріп қана қоймай, талантты жас футболшылардың кәсіби деңгейде шыңдалуына жол ашатын маңызды қадам ретінде бағалануда.

Іс-шараға аудан әкімі Жұмабек Қаражанов пен «Атырау» футбол клубының бас директоры Айбек Тілеужан арнайы қатысып, «Атырау» футбол клубы академиясының аудандық филиалын ашу және оқара ынтымақтастықты дамыту жөніндегі меморандумға қол қойды. Құжаттың негізгі мақсаты – аудандағы футбол инфрақұрылымын дамыту, жас спортшыларды жүйелі даярлау және олардың кәсіби футболға қолдан басуына қолайлы жағдай жасау. Салтанатты жиында сөз сөйлеген аудан әкімі Жұмабек Қаражанов бұл бастаманың Жылыой жастары үшін маңызына тоқталып:

– Футбол академиясы филиалының ашылуы – ауданымыздағы балалар мен жасөспірімдер спорттың жаңа кезеңі. Бұл жоба бұқаралық спортты кеңінен дамытуға, жас таланттарды анықтап, олардың кәсіби деңгейде өсуіне мүмкіндік береді. Ертең ел намысын қорғайтын спортшылар дәл осы жерден шығатынына сенім мол, – деді өз сөзінде.

Кейін «Атырау» футбол орталығының атынан жылыойлық жас спортшыларға арнайы сыйлықтар табысталып, іс-шара тәжірибе алмасумен жалғасты. «Атырау» футбол клубының U-21 командасының ойыншылары мен футбол

орталығының бапкерлері жас футболшыларға арналған шеберлік сағатын өткізіп, допты қабылдау, пас беру, алаңдағы қозғалыс, ойын тактикасы және командалық үйлесімнің негізгі элементтері бойынша тәжірибелерімен бөлісті. Шеберлік сағатына кәсіби клубтың сербиялық ойыншылары Мато Станчи пен Джордже Пантеличтің қатысуы жас спортшыларды ерекше қуантты. Олар балалармен бірге жаттығу өткізіп, өздерінің ойын тәжірибесін бөлісті. Бұл жас футболшыларға кәсіби спорттың талаптарын жақынырақ сезінуге мүмкіндік берді.

«Атырау» футбол орталығының жетекшісі Қуаныш Кабдолов:

– Ауданнан іріктелген жаттықтырушылар Атырау қаласына шақырылып, орталықтың әдістемесі бойынша тағалымдамадан өтеді және олар біздің бірінші әдістемеміз бойынша жұмыс істейтін болады. Жақында Сербияның егізгі «Првена Звезда» клубымен меморандумға қол қойдық. Тамыз айының соңында сал клубтың координаторлары

Атырауға келеді. Осы тәжірибе алмасу жұмыстарына жылыойлық бапкерлер де қатысады. Басты мақсатымыз Жылыой ауданынан болашақ чемпиондарды, дарынды футболшыларды шығару, – деді ол.

Филиалдың ашылуына орай ұйымдастырылған спорттық шараның негізгі бөлімінде 2014–2015 жылы тұтаң жасөспірімдер арасында жолдастық кездесу матчы өтті. Атыраулық және жылыойлық жас футболшылар жасыл алаңда өзара бақ сынасып, өз шеберліктерін көрсетті.

Айта кетейік, академия филиалына енді 12 жасқа дейінгі балалар қабылдана бастайды. Бұл жас ерекшелігі жас спортшыларды ерте жастан кәсіби жүйемен дайындауға мүмкіндік береді. Мұндай ірі бастамалар спортқа қызығушылық танытатын жастардың қатарын көбейтіп, ауданымызда футболдың жаңа даму кезеңін қалыптастыруға негіз болмақ.

Д.ІЗБАСАРҚЫЗЫ

Жылыой ауданы аумағында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Жер Қозғалысқа 43-1, 48 баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 31, 37 баптарына сәйкес және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №118 «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі

конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізімін бекіту туралы» бұйрығы мен өткізілімдерінің бекітілуіне сәйкес және «Жылыой ауданы аумағында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізімін бекіту туралы» конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізімін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес бекітіледі.

1. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізімін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес бекітіледі.

2. Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізімін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес бекітіледі.

3. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізімін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес бекітіледі.

4. Жылыой ауданы жер комиссиясының бекітілуіне сәйкес және «Жылыой ауданы аумағында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізімін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес бекітіледі.

Ауыл әкімі Ж.КАЖАНОВ

Жылыой ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 34 шілде № 217 қаулысына сәйкес

Жылыой ауданы аумағында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізімі

№	Орналасқан жері	Ауданы, га	Жалға алу мерзімі	Ауыл шаруашылығы қалыптасуы
1	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	520	10	Жайылым
2	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	851	10	Жайылым
3	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	300	10	Жайылым
4	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	920	10	Жайылым
5	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	3500	10	Жайылым
6	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	5000	10	Жайылым
7	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	930	10	Жайылым
8	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	920	10	Жайылым
9	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	1000	10	Жайылым
10	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	718	10	Жайылым
11	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	2080	10	Жайылым
12	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	1990	10	Жайылым
13	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	677	10	Жайылым
14	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	200	10	Жайылым
15	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	350	10	Жайылым
16	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	1063	10	Жайылым
17	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	400	10	Жайылым
18	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	440	10	Жайылым
19	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	1180	10	Жайылым
20	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	2086	10	Жайылым
21	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	500	10	Жайылым
22	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	383	10	Жайылым
23	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	400	10	Жайылым
24	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	853	10	Жайылым
25	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	2000	10	Жайылым
26	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	500	10	Жайылым
27	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	500	10	Жайылым
28	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	3740	10	Жайылым
29	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	1780	10	Жайылым
30	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	1320	10	Жайылым
31	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	770	10	Жайылым
32	Жылыой ауданы, Атырау учаскесі	2980	10	Жайылым
33	Жылыой ауданы, Жер өтеу бойы	20	10	Жайылым
34	Жылыой ауданы, Жер өтеу бойы	30	10	Жайылым
35	Жылыой ауданы, Жер өтеу бойы	41	10	Жайылым
36	Жылыой ауданы, Жер өтеу бойы	105	10	Жайылым
37	Жылыой ауданы, Жер өтеу бойы	750	10	Жайылым
38	Жылыой ауданы, Жер өтеу бойы	80	10	Жайылым
39	Жылыой ауданы, Жер өтеу бойы	1772	10	Жайылым
40	Жылыой ауданы, Жер өтеу бойы	842	10	Жайылым
41	Жылыой ауданы, Жер өтеу бойы	1600	10	Жайылым
42	Жылыой ауданы, Жер өтеу бойы	4000	10	Жайылым
43	Жылыой ауданы, Жер өтеу бойы	700	10	Жайылым
44	Жылыой ауданы, Жер өтеу бойы	436	10	Жайылым
45	Жылыой ауданы, Жер өтеу бойы	500	10	Жайылым
46	Жылыой ауданы, Жер өтеу бойы	390	10	Жайылым
47	Жылыой ауданы, Жер өтеу бойы	3200	10	Жайылым
48	Жылыой ауданы, Жер өтеу бойы	700	10	Жайылым
49	Жылыой ауданы, Жер өтеу бойы	1070	10	Жайылым
50	Жылыой ауданы, Жер өтеу бойы	2400	10	Жайылым
51	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	74	10	Жайылым
52	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	3635	10	Жайылым
53	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	1000	10	Жайылым
54	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	3000	10	Жайылым
55	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	500	10	Жайылым
56	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	500	10	Жайылым
57	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	904	10	Жайылым
58	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	420	10	Жайылым
59	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	1400	10	Жайылым
60	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	500	10	Жайылым
61	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	843	10	Жайылым
62	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	390	10	Жайылым
63	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	1700	10	Жайылым
64	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	1000	10	Жайылым
65	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	500	10	Жайылым
66	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	271	10	Жайылым
67	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	2000	10	Жайылым
68	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	1952	10	Жайылым
69	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	2089	10	Жайылым
70	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	1266	10	Жайылым
71	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	1500	10	Жайылым
72	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	506	10	Жайылым
73	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	758	10	Жайылым
74	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	500	10	Жайылым
75	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	1278	10	Жайылым
76	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	283	10	Жайылым
77	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	1400	10	Жайылым
78	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	45	10	Жайылым
79	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	500	10	Жайылым
80	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	2800	10	Жайылым
81	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	1600	10	Жайылым
82	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	342	10	Жайылым
83	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	845	10	Жайылым
84	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	500	10	Жайылым
85	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	724	10	Жайылым
86	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	2840	10	Жайылым
87	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	500	10	Жайылым
88	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	891	10	Жайылым
89	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	4200	10	Жайылым
90	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	500	10	Жайылым
91	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	1500	10	Жайылым
92	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	1312	10	Жайылым
93	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	1000	10	Жайылым
94	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	1000	10	Жайылым
95	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	753	10	Жайылым
96	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	138	10	Жайылым
97	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	2500	10	Жайылым
98	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	1500	10	Жайылым
99	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	600	10	Жайылым
100	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	750	10	Жайылым
101	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	800	10	Жайылым
102	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	900	10	Жайылым
103	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	1528	10	Жайылым
104	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	3000	10	Жайылым
105	Жылыой ауданы, Қызылорда учаскесі	820	10	Жайылым

ХАБАРЛАМА

2024 жылғы су тасқыны кезінде Құлсары қаласының тұрғындарының «Жылыойсу» МКК-ның мұрағатында сақталған құжаттар су астында қалып, жарамсыз күйге түсті. Атал айтқанда:

- абоненттермен жасалған сұммен жабдықтау және су беру қызметтерін көрсету туралы келісімшарттар;
- су есептегіш құралдарын пломбалау актілері;
- су есептегіш құралдарын орнату және қабылдау актілері;
- абоненттердің жеке есеп картоншалары;
- өтініштер мен оларға қоса берілген құжаттар;
- жеке тұрғын үйлер мен заңды тұлғалардың абоненттік деректеріне қатысты қызығушылық құжаттар;
- өзге де бастапқы есепке алу және техникалық құжаттар.

Осыған байланысты жоғарыда көрсетілген құжаттардың басым бөлігін қалпына келтіру қажеттілігі туындады. Қазіргі уақытта абоненттермен қайтадан шарттар жасасу, су есептегіш

құралдарын қайта пломбалау актілерін рәсімдеу және жоғалған құжаттарды қалпына келтіру жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес орталықтандырылған сұммен жабдықтау және су беру қызметтерін көрсету жария шарт негізінде жүзеге асырылады. Тұтынушының көрсетілетін қызметтерді нақты пайдалану тараптардың құқықтары мен міндеттерінің туындауына негіз болып табылады. Осыған байланысты жазбаша шарттың болмауы тұтынушының нақты көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу міндетіне босатпайды. Қайтадан шарттар жасасу жұмыстары жоғалған құжаттарды қалпына келтіру, абоненттік деректерді өзектандіру және құжаттаманы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес рәсімдеу мақсатында жүргізілуде.

«Жылыойсу» МКК әкімшілігі

НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Кейкина А.С. (лиц.№26006034) ҚР Әділет министрлігімен 02.03.2026 ж. берілген) хабарлайды: 05.07.2026 жылы қайтыс болған аз. Сабытасва Гүлсім Абишовнаның атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Манап Ғалимов к-сі, №114 құрылыс, №13 кеңсе. Тел.: 8-778 808 14 08.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Қуанышбаева Назгүл Қайырбекқызы (лиц.№24035474) ҚР Әділет министрлігімен 25.12.2024 ж. берілген) хабарлайды: 02 шілде 2026 жылы қайтыс болған аз. Шегіров Далабай Утешовичтің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, №103, 4-кабинет (бизнес центр «Askar»). Тел.: 8775 812 00 94.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Қуанышбаева Назгүл Қайырбекқызы (лиц.№24035474) ҚР Әділет министрлігімен 25.12.2024 ж. берілген) хабарлайды: 16 желтоқсан 2026 жылы қайтыс болған аз. Карасаев Азаматтың атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, №103, 4-кабинет (бизнес центр «Askar»). Тел.: 8775 812 00 94.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Қуанова Ш.К. (лиц.№0001214) ҚР Әділет министрлігімен 18.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 06.07.2024 жылы қайтыс болған аз. Жүрекбаева Камажайдың атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, ПНГС, Б.Бойжанов к-сі, №2 үй, №7 кеңсе. Тел.: 8 (71237) 5 13 91.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Қуанышбаева Назгүл Қайырбекқызы (лиц.№24035474) ҚР Әділет министрлігімен 25.12.2024 ж. берілген) хабарлайды: 24 наурыз 2026 жылы қайтыс болған аз. Ағиманов Мухамбеттің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, №103, 4-кабинет (бизнес центр «Askar»). Тел.: 8775 812 00 94.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Қуанова Ш.К. (лиц.№0001214) ҚР Әділет министрлігімен 18.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 30.06.2026 жылы қайтыс болған аз. Хайруллин Камажай Сайыпнұрның атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, ПНГС, Б.Бойжанов к-сі, №2 үй, №7 кеңсе. Тел.: 8 (71237) 5 13 91.

ЖАРНАМА ТЕЛЕФОНЫ:



8-701 413 95 22

ХАБАРЛАНДЫРУ!

«Матен Петрол» АҚ ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес, «Пустынное көл орнын игеру жобасына» Ықтимал әсер ету туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау 2026 жылғы 18 қыркүйекте сағат 11:00-де Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл а.ө., Қосшағыл а., Қамысқол к-сі, 79, Мәдениет үйі ғимаратында.

ZoomКонференциясына сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/85388192257?pwd=OQKBUTVlaaFxFEnKPCi5wM64R012.1>

Конференция идентификаторы: 853 8819 2257, кіру коды: 986689. Ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдауды үйлестіруге жауапты орган: ЖАО «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, әл. пошта: atr.priroda@atyr.gov.kz, тел.: 8(7122) 32-55-05.

Жобалық құжаттама топтамасымен ақпараттық жүйе: <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/1?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей келесі электрондық мекен-жай бойынша қабылданады atr.priroda@atyr.gov.kz және <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Матен Петрол» АҚ, Атырау қ., Б.Құлманов көшесі, 105, БСН: 100940002277, әл.пошта: esenkulova@matenpetroleum.kz, тел: 87015220930.

Жобаны жасақтаушы: КазНИГРИ ЖШС-і, БСН991240001478, әл.info@kaznigri.kz, тел: 8(7122)763090.

Қосымша ақпаратты төмендегі электрондық мекен-жай бойынша алуға болады: zh.kalemova@kaznigri.kz, тел: 8(7122)763090-217.

Урбисенова Злиха Деметовнаның атына берілген (24.09.2010 жылғы №1071 жарғы) «Құмис алқа» негерінің куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылған.

Хабарландыру

Атырау облысы, Жылыой ауданы
Жылыой ауданында халықтың осал санатындағы балалар мен ерекше қажеттіліктері бар балаларды қоғамға бейімдеуге бағытталған «Тенішверойл» компаниясының қаржылай қолдауымен «Үміт Нұры» жобасы жүзеге асырылады.
Жобаның аясында «Ой-Сана» психологтер қоғамдық бірлестігі «Құлсары қаласы Мүгедектер қоғамдық бірлестігімен» бірлесіп отырып, халықтың осал санатындағы балалар мен ерекше қажеттіліктері бар балаларды қоғамға бейімдеуге бағытталған Қайрат Еңсенов атындағы «Біз біргеміз! Қолдаймыз! Жүрекпен қабылдаймыз!» әлеуметтік-шығармаш